

Мәслихаттың 2014 жылғы 14 наурыздағы № 258 "Азаматтардың жекелеген санаттарына дәрілік заттарды қосымша беру туралы" шешіміне толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы мәслихатының 2017 жылғы 15 наурыздағы № 129 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 7 сәуірде № 6972 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы мәслихатының 2018 жылғы 23 мамырдағы № 265 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы мәслихатының 23.05.2018 № 265 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

2009 жылғы 18 қыркүйектегі "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің 9-бабы 1-тармағының 5) тармақшасына сәйкес Қостанай облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Қостанай облыстық мәслихатының 2014 жылғы 14 наурыздағы № 258 "Азаматтардың жекелеген санаттарына дәрілік заттарды қосымша беру туралы" шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4577 болып тіркелген, 2014 жылғы 18 сәуірде "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) мынадай толықтырулар енгізілсін:

1-тармақ мынадай мазмұндағы алтыншы және жетінші абзацтармен толықтырылсын:

"Руксолитиниб" препараты, таблетка, 15 миллиграмм, созылмалы миелофиброзбен ауыратын азаматтарға;

орта тізбекті триглицеридтер негізіндегі мамандандырылған емдік өнім, муковисцидозбен ауыратын азаматтарға."

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Сессия төрағасы
Қостанай облыстық
мәслихатының хатшысы*

М. Ахметов

С. Ещанов

"КЕЛІСІЛДІ"

"Қостанай облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы" мемлекеттік мекемесі
басшысының міндетін атқарушы

_____ Е. Даутбаев

2017 жылғы 15 наурыз

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК